

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«№131 ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМБЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Коммунальное государственное учреждение
**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №131»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

БҰЙРЫҚ

№ _____ н/қ
2024 жылғы 02 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 231 о/с
02 сентябрь 2024 года
город Шымкент

**«2024-2025 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ,
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №174 бұйрығына және Шымкент қаласы білім басқармасының 2024 жылғы 15 тамыздағы №341-н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 23 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан– 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).

4-тоқсан-8 оқу аптасы.

2.Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9(10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары- 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында.

11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3.Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) 2025 жылы 29 мамыр математика(алгебра)бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В»

9«Г», 9«Д», 9«Е», 9«Ж» сыныптарына.

2) 2025 жылы 2 маусым қазақ тілі пәнінен жазбаша емтихан (эссе) 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В», 9«Г», 9«Д», 9«Е», 9«Ж» сыныптарына.

3) 2025 жылы 5 маусым таңдау пәнінен жазбаша емтихан 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В», 9«Г», 9«Д», 9«Е», 9«Ж» сыныптарында өткізілсін.

4) 2025 жылы 10 маусым орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В», 9«Г», 9«Д», 9«Е», 9«Ж» сыныптарына.

Қорытынды аттестаттау 11(12)сынып білім алушылары үшін :

1) 2025 жылдың 30 мамыр –Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан 11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В» сыныптарына.

2) 2025 жылы 3 маусым- алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В» сыныптарына.

3) 2025 жылдың 6 маусым– ана тілі бойынша жазбаша емтихан(эссе) 11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В» сыныптарына.

4) 2025 жылы 12 маусым таңдау пәнінен жазбаша 11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В» сыныптарына емтихандар өткізілсін.

5) 2025 жылы 13 маусым –орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша 11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В» сыныптарына.

4. Жалпы білім беру ұйымдары:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды,оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»№125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін.

5.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Х.Карабоеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



К.С.Жарасова